

*«Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі»*

*(Ж.Аймауытов)*

# **Қазақ тілі пәнінен оқушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық барысы**

**Дайындаған: Тулегенов Қ.Н.**

*«Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» (Н.Ә.Назарбаев)*

*Қазіргі қоғамда өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларға өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар шығармашылық, жоғары интелектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Осыған байланысты мектеп баланың дамуында негізгі рөл атқарады. Баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы мен ой өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан қаланады.*

*«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі»  
(Б.Алтынсарин)*

### **Мұғалімге қойылатын талаптар :**

- Оқушыларға бағыт-бағдар беру, пәнге қызығушылығын арттыру, сапалы білім беру;
- Пәндік оқытуды ұйымдастыру;
- Тиімді технологияларды қолдану.

## ҰБТ-ға дайындаудың басты ерекшеліктері

### Кемшілігі:

- Тест қорытындысында кемшіліктер анықталады;
- Тестік бақылауда оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалай алмаймыз;
- Уақыттың аздығына байланысты кемшілік болады;
- Жауап беру кезінде кездейсоқтық болуы әбден мүмкін;

### Артықшылығы:

- Стандартты түрде жалпы бірдей білім шкаласының қолданылуы;
- Әділетті, оқушыларға бірдей жағдайға қойылады, тікелей сабақ беретін мұғалім қатыспайды, оқушының мектебі тұратын орны ешқандай ерекшелік белгісін алмайды;
- Тестік бақылау кең көлемді оқу материалын қамтиды;
- Бағалауы нақты;
- Экономикалық жағынан тиімді (тексеретін адамдар саны ,уақыты);
- Оқушыларды есте сақтау, қайталау, белгілі уақытқа оқып, үлгіру қасиеттеріне тәрбиелейді.

## **ҰБТ-ның пайдалы жақтары**

**1. Оқушылар бағдарламаны толық қамтып дайындалуға талпынады**

**2. Қосымша сабақтар алады**

**3. Ата-аналардың баланы оқытып-тәрбиелеуде жауапкершілігі артады**

**4. Тестілеу арқылы өз білімдерінің деңгейін біліп, білмейтіндерін меңгереді**

**5. Мұғалімдердің, мектеп басшыларының оқушылармен жұмысы артады**

**6. Мұғалімдер өз білімдерін жан-жақты көтереді**

**7. Жалпы жұртшылықтың білімге деген көзқарасы өзгеріп, назарға алынады.**

**8. Мұғалім, ата-ана, оқушы арасында байланыс артады**

**9. Оқушылардың біліміне әділ баға қойылады**

**10. Мұғалімдердің де еңбегі әділ бағаланады.**

# **Мұғалім ҰБТ-ға дайындалуда қандай мақсат қоюға тиіс?**

## **Мақсаттар:**

- 1. Оқушыларды сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету;**
- 2. ҰБТ-ға сапалы дайындық ұйымдастыру;**
- 3. Оқушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру;**

## **Мұғалім алдына қандай талаптар қоюы керек?**

- 1. Өзіне және өз біліміне деген сенімділік**
- 2. Оқушымен тіл табысып, жақсы қарым-қатынас орнатуы керек.**
- 3. Оқушының өз пәніне деген қызығушылығын ояту қажет**
- 4. Жұмыс жоспарын жасап, тапсырма түрлерін көбейтіп, түрлендіріп, сараптамалар нәтижесін шығарып отыру қажет.**

## **Сынама тест жұмыстарын жинақтаудың тиімділігі**

- 1) Мұғалімнің тест жұмыстарының қоры көбейеді.**
- 2) Мұғалім оқушыдан бұрын тестерді қарап шығып, жауаптарын дайындайды, қиындық келтіретін сұрақтарға талдау жасайды.**
- 3) Кейін осы тестерді барлық оқушыларға таратып, талдау жасайды.**



## ҰБТ нәтижесіне нелер әсер етеді?

- Күнделікті жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
- Интерактивті технологияларды қолдану,
- Жеке тұлғаның даралығын дамыту;
- Оқушылардың білім алу себептерін қалыптастыру

## *1-кезең. Диагностикалық:*

- Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтау,
- Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын мәселелерді анықтау;
- ҰБТ-ны өткізу ережелерімен және ұсыныстарымен танысу.


## *2-кезең. Практикалық:*

- Тест жинақтарымен жұмыс;
- Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар;
- Топтық және жеке дайындық;
- Тестпен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді қолдану.


## 3-кезең. Синтетикалық (анықтаушылық)

- - Тақырыптар бойынша бақылау тестілері,
- - Мониторинг;
- - Қатемен жұмыс парағын жүргізу;


# Пән бойынша оқу жылының қорытындысы (Бітіруші сыныптар) %



*Пән бойынша ҰБТ қорытындысы  
(Бітіруші сыныптар) %*



# Пән бойынша ҰБТ қорытындысы (Бітіруші сыныптар) ұпаймен



*«Ең ұзақ сөйлемнің де соңына қойылатын нүктесі бар,- деп қазақтың белгілі жазушысы Ғабиден Мұстафин айтқандай, мұғалімдер мен оқушылардың білімін сарапқа салатын ең шешуші соңғы нүкте - мектеп бітіру емтихандары мен ҰБТ тестілеуі болып келді. Олай болса, сол қойылар соңғы нүктеміз сәтті сөйлемнің соңынан қойылса деп тілейік. Білім нәрін сеуіп жүрген шәкірттеріңіз биіктерден көрініп, жетістіктерге жетіп, сіздердің мерейлеріңізді арттыра берсін демекпін. Құрметті ұстаздар қауымы, «Ел болашағы-білімді жастардың қолында», ал сол жастарды білімді етіп тәрбиелеу -біздің қолымызда екенін жадымыздан шығармайық*